«Professional Community Astana Orleu»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БСН 160440028233

Товарищество с ограниченной ответственностью
«Professional Community Astana Orleu»
БИН 160440028233

Z05H9M1, Астана қаласы,
Достық көшесі, 5, 8 қабат, кеңсе 43
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Z05H9M1, город Астана,
улица Достык, 5, 8 этаж, оф. 43
8 (7172) 25-33-80, 25-33-90
mail@astanaorleu.com

Шығ.№ 5623-04 **«15» тамыз 2025 ж.**

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ
басшысы Искаков О. Е.
мырзаға

Құрметті Олжас Ермекұлы!

2025 жылдың 11 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 «Емдеу препараттарын, медициналық бұйымдар мен арнайы емдеу өнімдерін сатып алу ережелерін бекіту туралы» бұйрығына енгізілген өзгерістердің күшіне енуіне байланысты, 2024 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР ДСМ бұйрығының № 112-ші өзгерістерін ескере отырып, мемлекеттік сатып алулар жүйесінің субъектілеріне тауарлар, жұмыстар және қызметтерді (ТЖҚ) жоспарлау және сатып алу кезінде әкімшілік құқық бұзушылықтармен байланысты тәуекелдерді болдырмау, сатып алынатын ТЖҚ-ға талаптарды белгілеу және басқа мәселелер бойынша талқылау қажет. Осы өзгерістерді талқылау үшін жауапты мамандар, сатып алу бөлімдерінің басшылары, бас бухгалтерлер және ұйым басшыларының қатысуы міндетті болып табылады.

2025 жылғы маңызды өзгерістерді және ескере отырып, **«ProCommunity Astana Orleu» ЖШС** сіздің мекемедегі бірінші басшыларды, бас есепшілерді, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандарды **Қызылорда қаласында «ҚР ДСМ 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына сәйкес дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, арнайы емдік өнімдер мен фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізудің өзекті мәселелері» тақырыбында өтетін 1 күндік практикалық семинарға қатысуға шақырады.**

Ағымдағы өзгерістер туралы анықтама:

1. *«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы №110 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 23 маусымдағы № 58 бұйрығымен өзгерістер еңгізілді.(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 25 маусымда № 36314 болып тіркелді).*
2. *2025 жылғы 11 қаңтарда күшіне енген өзгерістерге сәйкес дәрілік заттар мен мамандандырылған емдік өнімдерді (бұдан әрі-ДЗ и МЕӨ), медициналық бұйымдарды (бұдан әрі-МҰ) немесе фармацевтикалық қызметтерді (бұдан әрі-ФҚ) сатып алуды Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы веб-портал арқылы келесі тәсілдермен жүзеге асырады:*
    - *тендер;*
    - *баға ұсыныстарын сұрату;*
    - *бір көзден сатып алу;*
    - *бірыңғай дистрибьютордан оның тізімі бойынша сатып алу;*
    - *бірыңғай дистрибьютор арқылы, Ережелерде көзделген жағдайларда.*
    - *Ерекше сатып алу;*

Семинардың мақсаты: *2025 жылы дәрілік заттар мен арнайы емдік өнімдер, медициналық бұйымдар немесе фармацевтикалық қызметтерді сатып алу ережелерін (2023 жылғы 7 маусымдағы ҚР ДСМ бұйрығы № 110) ұйымдастыру. Сатып алу әдістеріндегі жаңашылдықтарды зерттеу, проблемалық мәселелерді шешу, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамадағы өзгерістерді талқылау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, әкімшілік құқық бұзушылықтарды және мүдделер*

қақтығысы жағдайларын қарастыру.

Семинардың міндеттері:

- *Семинарға қатысушылардың нақты практикалық жағдайлары мысалында ТЖҚ жоспарлау және сатып алу кезіндегі ағымдағы проблемалық мәселелерді қарастыру;*
- ***сатып алудың жаңа тәсілдерін және сатып алу тәсілдерін өткізу тәртібіндегі өзгерістерді зерделеу;***
- ***әлеуетті өнім берушілердің міндеттемелерді орындауы бойынша проблемалық мәселелерді қарастыру;***
- *нұсқамаларды орындау мәселелерін қарастыру;*
- *Шарттарды заңдық негіздемелермен пысықтау мүмкіндігімен шарттардың барлық үлгілік нысандарының жобаларын қарау;*
- *Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің мысалдарын қарастыру (талаптардың дұрыстығын негіздеу);*
- *Сатып алуға қатысушылардың әкімшілік бұзушылықтарын болдырмау мақсатында, айыппұлдар кестесін ұсына отырып, сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін талқылау және т. б.*

Модератор, лектор:

Секуова Шұға Бекжігітқызы – *сарапшы-практик, сертификатталған дәріскер – ҚР Қаржы министрлігінің және Еуропалық одақтың жобасы бойынша мемлекеттік сатып алулар жөніндегі жаттықтырушы, мемлекеттік мекемелерде, орталық билік органдарында басқарушы лауазымдарда қызмет еткен, мемлекеттік сатып алулар саласында бай тәжірибеге ие.*

Семинар тақырыбы: *«ҚР ДСМ 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына сәйкес дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, арнайы емдік өнімдер мен фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізудің өзекті мәселелері».*

Семинардың өтетін күні: 26 тамыз, Қызылорда қаласында.

Өткізілетін орны: Тапсырыс берушінің базасында.

Жарна: кем дегенде 30 қатысушы болған жағдайда, бір қатысушыға ҚҚС есебінсіз **40000** теңге, (Ұйымдастырушы ҚҚС төлеуші болып табылмайды).

Семинардың ұзақтығы: 9 академиялық сағат.

Оқыту қазақ тілінде жүргізіледі.

Жарнаға мыналар кіреді:

- *Семинарға қатысу*
- *Кофе-брейк*
- *Үлестірме материал (маркер, стикерлер, блокнот,қалам)*
- *Семинарға қатысқандығы туралы атаулы сертификат*

Қатысушылар үшін бонус – 6 ай бойы «Жазбаша сұрақ – жауап» кері байланыс режимінде лектордан сұрақтарыңызға жауаптар(іс-шараға қатысқаны үшін бонус ретінде тегін беріледі)

Семинарға қатысу үшін төмендегі телефон нөмірлеріне қоңырау шалуарқылы өтінім беріп, келісім шарт жасау қажет:

Тел: 87084251914, 87172251914, 87084250122

Сіздің жеке менеджеріңіз **Ернат**

Сіз өтінімді келесіе-mail-ға жібере аласыз: **ernat@astanaorleu.com**

Бас директор **Б. Аширов**

Қосымша

Бағдарламасы[2]

Тақырыбы: *«ҚР ДСМ 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығына сәйкес дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды, арнайы емдік өнімдер мен фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу»*

- **ҚР ДСМ № 110 бұйрығы бойынша:**
  - Сатып алу ережелері.
  - Сатып алу әдістері және олардың ерекшеліктері.
  - Сатып алу ережелерін қолдануға байланысты шектеулер.
- **Ережелерді қолдану процесінде қолданылатын негізгі ұғымдар.**
- **Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын талқылау.**
- **Дәрілік заттар және медициналық бұйымдарға қойылатын талаптар.**
- **Кәсіпкерлік бастаманы қолдау.**
- **Тендер ұйымдастыру және өткізу:**
  - Құрамы: сарапшы, тендерлік комиссия, тендерлік комиссияның хатшысы;
  - Қажетті құжаттамалар және олардың ерекшеліктері;
  - тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету;
  - өтінімдерді ашу және оларды қарау тәртібі;
  - Қатысуға арналған өтінімнің мазмұны;
  - әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендерлік құжаттама талаптарына және біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тану себептері;
  - егер тендер өтпеген жағдайда Тапсырыс берушінің одан арғы әрекеттері;
  - шарт жасасу және шарттың орындалуын қамтамасыз ету.
  - қорытындылау;
- **ҚР ДСМ № 110 бұйрығы бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүргізу тәртібі.**
- **Медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау. Медициналық техниканың оңтайлы техникалық сипаттамаларын кім және талдау құнын сараптамалық бағалау.**
- **Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу процесі. Хабарландыру мазмұны. Баға ұсынысы бар конвертті ұстау. Қорытындылау**